

Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 30 желтоқсан N 17-II.

Мәскеуде 1999 жылғы 26 ақпанда жасалған Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы Азаматтық алудың оңайлатылған тәртібі туралы
Келісім

(2000 жылғы 4 қарашада күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2001 ж., N 6, 63-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы,

төрт ел халықтарының тарихи дәстүрлі достық байланыстарды сақтау мен нығайтуға ұмтылысын негізге ала отырып,

жалпы көпшілік қабылдаған халықаралық нормаларға сәйкес адамның құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуге қатысты міндеттемелеріне адалдығын қуаттай отырып,

екінші Тараптың азаматтығын таңдау мен алу құқығын ерікті түрде еркін білдіру негізінде өз азаматтарының жүзеге асыруына арналған қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге тілек білдіре отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Әрбір Тарап өз аумағына тұрақты тұруға келген екінші Тараптың азаматтарына төмендегі шарттардың бірі болған жағдайда:

а) егер өтініш беруші Беларусь КСР-нің, Қазақ КСР-нің, Қырғыз КСР-нің немесе РСФСР-дің азаматтығында және бір мезгілде бұрынғы КСРО азаматтығында тұрған

болса, азаматтық алатын Тараптың аумағында 1991 жылғы 21 желтоқсанға дейін дүниеге келсе немесе тұрса;

б) өтініш берушінің азаматтық алатын Тараптардың бірінің аумағында тұрақты тұратын және оның азаматтары болып табылатын жақын туысқандары: жұбайы (зайыбы), ата-аналарының (асырап алушылардың) бірі, баласы (оның ішінде асырап алған), апа-сіңлілері, қарындасы, аға-інілері, атасы немесе әжесі, немересі немесе немере қызы болса жеңілдетілген (тіркейтін) тәртіппен азаматтық алу құқығын береді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тәртіп азаматтық алатын Тараптың аумағында тұру мерзіміне қарамастан екінші Тараптың аумағында тұрақты тұратын Тарап азаматтарына қолданылады.

Бір Тараптың азаматтығын алу және екінші Тараптың азаматтығынан шығу Тараптардың заңдарына және осы Келісімнің ережелеріне сәйкес мүдделі адамдардың ерікті түрде еркін білдіруі негізінде жүргізіледі.

2-бап

1. Бір Тараптың азаматтығын алу үшін екінші Тараптың азаматы екінші Тараптың тиісті органдарына төмендегідей құжаттарды табыс етеді:

Тараптардың құзыретті органдары келіскен нысандағы өтініш;

жеке басын куәландыратын және адамның Тараптардың бірінің азаматтығына жататындығын қуаттайтын паспорт немесе өзге де құжат;

тууы туралы және неке туралы куәліктерінің нотариат растаған көшірмелері;

осы Келісімнің 1-бабының 1-тармағында көзделген шарттардың бірінің бар екендігін қуаттайтын құжат.

2. Ішкі істер органдары осы Келісімге сәйкес Тараптардың бірінің азаматтығын алғандығын тіркеуді осы Тараптың ұлттық заңдарында көзделген талаптарды сақтай отырып, құжаттарды тапсырған күннен бастап әрі кеткенде 3 ай мерзімде жүзеге асырады.

3. Тараптың ұлттық заңдарына сәйкес екінші Тараптың азаматтығын бір мезгілде жоғалта отырып, Тараптардың бірінің азаматтығын алған жағдайда бұл туралы өтініш берген адам өзінің өтініші бойынша оң шешім қабылданғанға дейін екінші Тараптың азаматтығын сақтайды.

3-бап

Ата-аналарының азаматтығы өзгеріп, нәтижесінде екеуі де басқа Тараптың азаматтары болған жағдайда тиісінше олардың кәмелетке толмаған балаларының да азаматтығы өзгереді.

Ата-аналарының бірі Тараптардың бірінің азаматы болып табылса, ал екіншісі басқа Тараптың азаматтығын алса кәмелетке толмаған балаларының азаматтығы осы Келісімнің 2-бабына сәйкес берілетін өтініште көрініс табуға тиіс, ұлттық заңдарға сәйкес қабылданған ата-аналарының келісімі бойынша айқындалады.

Ата-аналары бөлек тұратын балалар егер бұл жөнінде ата-аналар арасында өзгеше келісім болмаса, өздері тәрбиеленіп отырған ата-анасының азаматтығын сақтайды.

Ата-аналарының бірі бір Тараптың азаматтығында, ал екіншісі екінші Тараптың азаматтығында тұратын балалардың кәмелеттік жасқа толғаннан кейін азаматтығын белгілеу Тараптардың заңдарына сәйкес өзгертілуі мүмкін.

Ата-аналар құқығынан айрылған ата-аналардың азаматтығы өзгерген жағдайда балаларының азаматтығы өзгермейді. Балалардың азаматтығын өзгертуге ата-аналар құқығынан айрылған ата-аналардың келісімі талап етілмейді.

4-бап

Тараптардың құзыретті органдары осы Келісімнің 2 және 3-баптарын жүзеге асыруға байланысты ақпараттар алмасудың нысанын, мөлшері мен мерзімдерін келіседі.

5-бап

Егер Тараптардың ұлттық заңдары немесе ол қатысушысы болып табылатын

халықаралық келісім азаматтық алудың анағұрлым жеңілдікті шарттарын белгілейтін болса, онда мұндай жағдайда ұлттық заңдардың не тиісті халықаралық келісімнің нормалары қолданылады.

Тараптар азаматтық туралы өздерінің заңдарын бір ізге түсіру үшін шаралар қабылдайтын болады.

6-бап

Осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты мәселелер Тараптар арасындағы консультациялар арқылы шешіледі.

7-бап

Осы Келісім бекітілуге жатады.

Бекіту грамоталары осы Келісімнің депозитарийі болып табылатын Интеграциялық Комитеттің сақтауына тапсырылады.

Тараптардың келісімімен қосылу туралы грамотаны депозитарийге беру арқылы осы Келісімнің мақсаттары мен принциптерін бөлісетін ТМД-ға қатысушы басқа да мемлекеттердің қосылуы үшін Келісім ашық.

8-бап

Осы Келісім соңғы бекіту грамотасын депозитарийге сақтауға тапсырылған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісімге қосылатын әрбір мемлекет үшін Келісім осы мемлекет өзінің бекіту грамотасын депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап отызыншы күні күшіне енеді.

9-бап

Әрбір Тарап бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жолдап осы

Келісімнен шыға алады. Осы Келісімнің қолданысы осындай Тарапқа қатысты депозитарий хабарлама алған күннен бастап алты ай өтісімен тоқтатылады. Мәскеу қаласында 1999 жылғы 26 ақпанда орыс тілінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Түпнұсқа дана Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол осы Келісімге қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Беларусь Қазақстан Қырғыз Ресей

Республикасы Республикасы Республикасы Федерациясы

үшін үшін үшін үшін

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.